

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің
Заң факультеті**

ХАТТАМА № 5

Түркістан қ.

25.09.2025 ж.

Іс-шараның өткізілген жері: №517

Уақыты: 17.20 – 18.20 аралығында.

Қатысушылар: Факультет деканы, PhD Қасымбек Әлия Орынбасарқызы, факультеттің ғылым және тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары, PhD Ибраев Жандос Габитович, факультеттің оқу ісі жөніндегі орынбасары Турлыбеков Қайратбек Аманжолұлы, Конституциялық және азаматтық құқық кафедрасының меңгерушісі Иманбекова Маншук Мажитовна, ЗХХ-211, ЗХХ-311, ЗХХ-411 топтарының эдвайзері, PhD, аға оқытушы Медетов Алимардин Шахмардинович, факультеттің студенттік деканы, ЗҚТ-412 тобының білімгері Балтабай Жаннұр Серікқызы, факультеттің студенттік деканының орынбасары, ЗҚТ-412 тобының білімгері Темір Бибайша Алымжанқызы, ЗХХ-211 тобының басшысы Итемгенова Амина, ЗХХ-311 тобының басшысы Ақжігіт Гаухар Нұрмұхаммедқызы, ЗХХ-411 тобының басшысы Молдаш Қарақат және ЗХХ-211, ЗХХ-311, ЗХХ-411 топтарының білімгерлері.


Университет басшылығы тарапынан: шақырылғандар жоқ.

Университеттен тыс шақырылған қонақтар: жоқ.

КҮН ТӘРТІБІ:

«Заң» факультетінің ОПҚ және ЗХХ-211, ЗХХ-311, ЗХХ-411 топтарының білімгерлері арасында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың БҰҰ Бас Ассамблеясында сөйлеген сөзін талқылау мақсатында

**«Тоқаевтың БҰҰ Бас Ассамблеясы 80-ші сессиясындағы сөзі –
Қазақстанның халықаралық ұстанымы» атты тақырыбында семинар өтті.**



25.09.2025 ж. күні, сағат 17.20 – 18.20 аралығында Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-дың бас ғимаратының №517 дәрісханасында «Заң» факультетінің

ОПҚ және ЗХХ-211, ЗХХ-311, ЗХХ-411 топтарының білімгерлері арасында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың БҰҰ Бас Ассамблеясында сөйлеген сөзін талқылау мақсатында «Тоқаевтың БҰҰ Бас Ассамблеясы 80-ші сессиясындағы сөзі – Қазақстанның халықаралық ұстанымы» атты тақырыбында семинар өтті.

СӨЗ АЛДЫ: Ең бірінші болып Факультет деканы, PhD Қасымбек Әлия Орынбасарқызы сөз алды:

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының БҰҰ Бас Ассамблеясындағы сөзі – еліміздің халықаралық деңгейдегі беделін көрсететін айрықша маңызды үндеу болды. Әсіресе, бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайтуға бағытталған бастамалары Қазақстанның сыртқы саясатының негізгі қағидаттарына толық сәйкес келеді. Бұл біздің жастарымызға әлемдік қауымдастықтағы жауапкершілікті сезінуге, ел болашағына үлес қосуға бағдар береді.

СӨЗ АЛДЫ: Факультеттің ғылым және тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары, PhD Ибраев Жандос Габитович сөз алды:

– Президентіміздің халықаралық құқықтың мызғымастығын атап өтуі – өте өзекті мәселе. Қазіргі әлемдегі геосаяси дағдарыстар кезінде Қазақстанның ұстанымы әділеттілік пен келісімге негізделгенін көреміз. Бұл – құқықтық мемлекет құндылықтарын дәріптейтін үлкен үлгі. Студенттеріміз осы құндылықтарды бойына сіңіріп, ертеңгі күні кәсіби қызметінде қолдана білуі тиіс.

СӨЗ АЛДЫ: Факультеттің оқу ісі жөніндегі орынбасары Турлыбеков Қайратбек Аманжолұлы сөз алды:

– Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөзі тек саясаткерлерге ғана емес, әрбір азаматқа ой салды. Әсіресе, климаттың өзгеруі, табиғи ресурстарды қорғау, су қауіпсіздігі жөніндегі мәселелер біздің ел үшін өте маңызды. Жастар осы бағыттағы ғылыми ізденістерге белсенді араласып, экологиялық мәдениетті дамытуға өз үлесін қосуы қажет деп санаймын.

ЗХХ-211, ЗХХ-311, ЗХХ-411 топтарының эдвайзері, PhD, аға оқытушы Медетов Алимардин Шахмардинович сөз алды:

– Президентіміздің айтқан ұсыныстары – еліміздің халықаралық аренадағы орнын айқындайтын стратегиялық бағдар. Біз, ұстаздар қауымы, студенттерге осы бастамалардың мәнін түсіндіріп, олардың әлемдік мәселелерге бейжай қарамайтын тұлға болып қалыптасуына жағдай жасауымыз керек.

ЗХХ-211, ЗХХ-311, ЗХХ-411 топтарының студенттері де өз ойларымен бөлісті. Шара барысында студенттер халықаралық құқық нормаларының маңызын, БҰҰ-ның рөлі мен реформалану қажеттігін, сондай-ақ Қазақстанның жаһандық қауіпсіздікке қосып отырған үлесін қызу талқылап, өз ой-пікірлерімен бөлісті. Топ студенттері Қазақстанның бейбітшілікке, диалогқа және жаһандық ынтымақтастыққа шақыруы – бүкіл әлем үшін маңызды екендігін айтты. Әсіресе, жастарға сенім артуы бізді жігерлендіреді

деген пікірлерін білдірді. Сонымен қатар студенттердің «Біз елдің дамуына үлес қосуға дайынбыз» деген ұранды сөздері жүректерді елжіретті.

Бұл пікір алмасулардың студенттердің құқықтық мәдениетін арттырып қана қоймай, заманауи халықаралық қатынастарға сындарлы көзқарас қалыптастыруға да әсері болады деп есептейміз.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ

1. Ақпарат назарға алынсын;
2. ЗХХ-211, ЗХХ-311, ЗХХ-411 топтарының білімгерлері Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың БҰҰ Бас Ассамблеясында сөйлеген сөздерін толыққанды қолдайды және Президентіміздің барлық бастамаларын өте маңызды деп бағалайды.

«Конституциялық және
азаматтық құқық»
кафедрасының меңгерушісі



М.М.Иманбекова

Хатшы:



А.Ш.Медетов